

## №7 Хромтау мектеп-гимназиясының педагогикалық кеңес хаттамасы №1

31 тамыз 2021ж

Қатысқаны-50

Қатысуы тиіс-50

### Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:

- 1.2021-2022 оқу жылының ерекшеліктері. Директордың ғылыми-әдістемелік жөніндегі орынбасары-Мусина А.Н.
- 2.Жаңа оқу жылындағы оқу жүктемелері.  
Директордың оқу іс жөніндегі орынбасары- Абдуллина А.Б.
- 3.Үйірме,секцияларға жүктеме беріліп,жетекшілер тағайындау жөнінде. Директордың оқу іс жөніндегі орынбасары- Абдуллина А.Б.
- 4.Білім алушылардың рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастырудағы оқу үдерісінің тәрбие беру әлеуетін жүзеге асыру. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары-Дүйсенбай А.
- 5.Мемлекеттік қызмет көрсету бойынша түсіндірме жұмыстар. Гимназия менеджері
- 6.Әр түрлі сұрақтар.

### Тыңдалды:

**1-мәселе бойынша** Директордың ғылыми-әдістемелік жөніндегі орынбасары- Мусина А.Н. 2021-2021 оқу жылының Әдістемелік нұсқау хаттағы ерекшеліктері туралы айтты.

Ерекшеліктері:

- 1.Білім алушыларға қауіпсіз және жайлы ортаны қамтамасыз ету
  2. Білім алушылардың оқу жүктемесін азайту
  3. Педагогтер жүктемесін қысқарту (16 сағатқа дейін)
  4. 1-сыныптарға «Әліппе», «Ана тілі», «Букварь», «Обучение грамоте», «Цифрлық сауаттылық» пәндерін енгізу
  5. 5-11 сыныптарда «Жаһандық құзыреттілік» таңдау курсы енгізу .
  6. «Музыка» оқу бағдарламасының шеңберінде 6-сыныпта домбырада ойнауды үйрету
  7. Білім алушылардың біліміндегі олқылықтардың орнын толықтыру
  8. Үлгерімі төмен оқушылармен жеке жұмыс жүргізуді жетілдіру
  9. Оқытудың түрлі форматтарына мектептердің дайындығын қамтамасыз ету
  10. Білім алушылардың білімдегі ерекше қажеттіліктерін диагностикалау
  11. Ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыларға оқу бағдарламаларын бейімдеу
  12. Ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыларды тиімді психологиялық-педагогикалық қолдауды қамтамасыз ету
  13. Инклюзивті орта мәдениетін қалыптастыру
  14. Сабақтың ұзақтығы 45 минут. Міндетті формативті бағалау
  15. «Оқуға құштар мектеп», «Дебаттар», «Өзін-өзі басқару күні», «Мектеп театры» жобаларын іске асыру
  16. Мектеп пен отбасында күнделікті 20 минут кітап оқуды ұйымдастыру
  17. Мектептің мәдени ортасын ұлттық құндылықтар негізінде қалыптастыру (қарым-қатынас, мектеп қоңырауы)
  18. Мектеп пен ата-аналардың өзара байланысын күшейту
  19. Мектептердің дамуына меценаттық қолдауды кеңейту
  20. Ерте кәсіптік бағдар беру жұмыстарын жүргізу
  21. Оқушылардың дене дамуы мен денсаулық тобының мониторингін жүргізу
  22. Бастауыш сынып мұғалімдерінің пәндерді жүргізу бойынша мүмкіндігін кеңейту
  23. Педагогтерді жұмысқа қабылдаудың жаңа ережелерін енгізу.
- 5-11 сыныптарда «Жаһандық құзыреттіліктер» курсы енгізіледі.  
«Парасаттылық және әдеп» - 5сынып

«Экология» – 6 сынып

«Музыка» пәні бойынша 6-сыныпта «Домбыра»; 7-сыныптан бастап вариативті компонент сағаттары есебінен *(оқыту қазақ тілінде жүргізілетін мектептерде)*

«Эмоционалды интеллект және сыни ойлау» – 7 сынып

«Медиасауаттылық» - 8 сынып

«Зайырлылық және дінтану негіздері» - 9 сынып

«Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» - 10-11 сынып

Дене шынықтыру», «Шахмат», «Тоғызқұмалақ», «Үстел теннисі» ойындарын, спорттық, бал билерін енгізу.

**Білім алушылардың білімін толықтыру алгоритмі.**

Білім алушылардың біліміндегі олқылықтардың негізгі көрсеткіштері:

- 1) пәннің оқу бағдарламасы бойынша білімде олқылықтардың болуы;
- 2) оқуға қажетті өзіндік жеке қасиеттердің даму деңгейінің жеткіліксіздігі;
- 3) оқу-танымдық іс-әрекетерінде олқылықтардың болуы;
- 4) эмоционалды қолайсыздық

Білімдегі олқылықтардың орнын толтыру алгоритмі:

- 1) Диагностикалық бағалау;
- 2) Мұғалімнің, мектептің жұмыс жоспары;
- 3) Оқу жылы ішіндегі жүйелі жұмыс;
- 4) Жазғы мектеп. Каникулдағы сабақтар.

Осы ерекшеліктерді негіге ала отырып, жұмыстанасыздар.

**2-мәселе бойынша** директордың оқу іс жөніндегі орынбасары- Абдуллина А.Б.

2021-2022 оқу жылын 1-11 кл аралығында 482 оқушымен бастағалы отырмыз.

1-4 кл – 224, 5-9 кл-221, 10-11- 37 оқушы.

Мектепалды даярлық топта-39 оқушы қамтылды.

Білім беру ұйымдарындағы оқу процесі таңдап алынған Үлгілік оқу

жоспарлары негізінде жүргізіледі. Үлгілік оқу жоспарлары **ҚР БҒМ 2012 жылғы 8**

**қарашадағы № 500 бұйрығымен** бекітілген *(2021 жылғы 25 наурыздағы № 125 бұйрықпен*

*енгізілген өзгерістерімен және толықтыруларымен) 2018 жылғы 4 қыркүйектегі № 441 бұйрығына*

*сәйкес бекітілген).* **ТАҢДАУ ҮШІН 2018 ЖЫЛДАН БАСТАП ҚОЛДАНЫСҚА**

**ЕНГІЗІЛГЕН ҮЛГІЛІК ОҚУ ЖОСПАРЛАРЫ ҰСЫНЫЛАДЫ** *(ҚР БҒМ 2012 жылғы 8*

*қарашадағы №500 бұйрығы (2021 жылғы 26 наурыздағы №125 бұйрықпен өзгертулер мен*

*толықтырулар енгізілген).*

**Төмендетілген оқу жүктемесімен үлгілік оқу жоспарлары**

*(оқыту тілдері, бейіндері, оқыту түрлері бойынша)*

**гимназия сыныптарына арналған – 8**, оның ішінде: бастауыш білім

беру деңгейіне – 2 (оқыту тілдері бойынша №12.14, 15 қосымшалар), негізгі орта

білім беру деңгейіне – 2 (оқыту тілдері бойынша №16.19 қосымшалар), жалпы

орта білім беру деңгейіне – 4 (оқыту тілдері және бейінділік бағыттар бойынша

№27.100 қосымшалар)

Үлгілік оқу жоспары негізінде:

1 кластар – инварианттық оқу жүктемесі-21,5 сағат, вариативтік компонент-5 сағат;

2кластар – инварианттық оқу жүктемесі-23 сағат, вариативтік компонент-5 сағат

3кластар – инварианттық оқу жүктемесі-24 сағат, вариативтік компонент-6 сағат

4кластар – инварианттық оқу жүктемесі-24 сағат, вариативтік компонент-6 сағат;

5кластар – инварианттық оқу жүктемесі-27 сағат, вариативтік компонент-7 сағат;

6кластар – инварианттық оқу жүктемесі-27 сағат, вариативтік компонент-8 сағат;

7кластар – инварианттық оқу жүктемесі-24 сағат, вариативтік компонент-12 сағат;

8кластар – инварианттық оқу жүктемесі-24 сағат, вариативтік компонент-13 сағат;

9кластар – инварианттық оқу жүктемесі-25 сағат, вариативтік компонент-14 сағат;

10-11 кластар – инварианттық оқу жүктемесі-33 сағат, вариативтік компонент-4 сағат;

**3-мәселе бойынша .** Директордың оқу іс жөніндегі орынбасары- Абдуллина А.Б. Үйірме, секцияларға жүктеме беріліп, жетекшілер тағайындау жөнінде. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 30 қаңтардағы №77 Қаулысының 8 тарауы 29 тармақшасы бойынша мектепте көркем – эстетикалық, туристік – өлкетану, экологиялық, зияткерлік, спорттық-сауықтыру және әскери патриоттық тағы басқа түрлі үйірмелер мен қосымша білім беру жұмысы ұйымдастырылып, салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында. Төменде аты аталған мұғалімдерге (0,25), (0,5) бірліктерімен жүктеме беріліп, қосымша білім беру үйірмелерінің жетекшілері болып тағайындалсын. Р.А.Биржанов-«тарих құпияларына жол» (0,5) ст. А.Б.Абдуллина – «Жас математик» (0,5)ст. Қ.И.Маханбетов – «Экология» (0,5)ст. Г.Н.Жақуда - «Өлкетану» (0,5)ст. Г.М.Бағланбаева – «Жас физик» (0,25)ст. Ж.С.Калмуратов «Жас ақын» (0,25)ст. Т.М. Жақсыкелдина «Робототехника» (0,25)ст. А.Н.Мусина «Жас экологтар» (0,25)ст. Д.А.Хамит – «ОҒҚ» (0,25)ст. Б.Т.Сатмағанбетова «Волейбол» (0,25)ст./қыз балдар/А.Е.Курманов «Волейбол» (0,25)ст./ұл балдар/ Н.С.Бозғұлан «Футбол» (0,25)ст. Е.Б.Қарымсақ «Асық ату» (0,25)ст. А.К. Мамбеткулова «Qutuga» (0,25)ст. Үйірме жетекшілерінің жұмыс жоспары әдістемелік кабинет жанындағы эксперттік комиссияға бекітуге ұсынылсын. Үйірме жұмысын қадағалау Қ.И.Махамбетовке, секция түрлері Дүйсембай А.Қ. жүктелсін.

**4-мәселе бойынша .** Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары- Дүйсенбай А. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес оқу-тәрбие процесі білім алушылардың интеллектуалдық, патриоттық, рухани-адамгершілік пен дене дамуын қамтамасыз ету мақсатында бірыңғай идеологиялық тәсілдер мен құндылықтарға негізделіп жүзеге асырылады. Тәрбие жұмысы барлық мүдделі тараптар: отбасы, білім беру ұйымдары, қоғамның жаппай қатысуымен кешенді түрде өткізілуі тиіс

Білім алушыларды тәрбиелеудің негізгі идеясы ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар.

2021-2022 оқу жылында білім беру ұйымдарында мынадай жобалар іске асырылатын болады:

- «Мектептің өзін-өзі басқаруы»;
- «Дебат» қозғалысы;
- «Оқуға құштар мектеп»;
- «Отбасы – мектеп»;
- «Құқықтық сана – қауымға пана»;
- «Еңбек – елдің мұраты»;
- «Үнем – қоғам қуаты»;
- «Ерте жастан басталатын экологиялық мәдениет»
- «Қоғамға қызмет»;

**5-мәселе бойынша гимназия менеджері Кереева Г.**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 қазандағы № 564 бұйрығы (ҚР Білім және ғылым министрінің 24.06.2020 № 264 өзгерістер енгізілген) сай және Хромтау ауданы бойынша білім саласындағы көрсетілетін мемлекеттік қызметтер бойынша қызметтер сапасын арттыру мақсатында гимназиямызда 7 мемлекеттік қызмет көрсетіледі. Гимназия директорының 01.09.2021ж №63/5 бұйрығы негізінде әрбір қызметке жауапты тұлғалар тағайындалды.

1. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді қағидасы мен регламенттеудің мақсаттары: мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді алуға тең қол жеткізуді қамтамасыз ету; мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің бірыңғай тәсілін қамтамасыз ету;

қызмет берушілердің мемлекеттік көрсетілетін қызмет көрсету жөніндегі қызметінің ашықтығын және есеп беруін қамтамасыз ету;

мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді одан әрі оңтайландыруды және автоматтандыруды қамтамасыз ету;

мемлекеттік қызмет көрсету кезінде қызметті алушылармен кері байланысты қамтамасыз ету;

2. Осы Қағида мемлекеттік көрсетілетін қызметтің стандарттары мен регламенттерін әзірлеуге және мемлекеттік көрсетілетін қызметтің стандарттары мен регламенттеріне өзгертулер енгізуге қойылатын белгіленген бірыңғай талаптардың сақталуын қамтамасыз етуге бағытталған.

3. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет қағидаларын орталық мемлекеттік органдар, оның ішінде Қазақстан Республикасының шетелдегі мекемелері, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары, қаладағы аудандардың, аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің әкімдері көрсететін мемлекеттік қызметтер үшін әзірлейді.

4. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарттары әрбір мемлекеттік көрсетілетін қызметтер үшін әзірленеді.

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарттары мемлекеттік қызметтер тізіліміне мемлекеттік қызметтерді енгізген күннен бастап үш ай ішінде әзірленеді және бекітіледі.

«Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беретін бағдарламалары бойынша оқыту үшін ведомствалық бағыныстылығына қарамастан білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау және оқуға қабылдау» мемлекеттік қызметтер көрсету стандартын мектепте іс қағаз жүргізушісі атқарады. Әрбір класс жетекші регламентте көрсетілген құжат тізбесімен оқушылардың құжаттамаларын тапсырып отырады. 2020-2021 оқу жылында оқушымен оқу жылы басталды. Оқу жылы барысында 38 оқушы мемлекеттік қызмет көрсетіліп қабылданды. Кеткен оқушы саны- 42, 421 оқушымен оқу жылын аяқтадық. 1кл оқушыларды қабылдау 1сәуір-1 тамыз аралығында жүзеге асырылу жұмыстары басталды.

5-мәселе бойынша оқу жылы басталуы кезінде ескеретін жағдайлар туралы және қазіргі эпидемиялық жағдайға байланысты санитарлық талаптарды орындау қажет екендігі айтылды.

#### Шешім:

1.2021-2022 оқу жылындағы ерекшеліктер бойынша жұмыстар жүргізілсін.

2. Жаңа оқу жылындағы жүктемелер, үйірмелер бойынша жоспарлар бекітіліп, жұмысы жалғасын тапсын.

3. Білім алушылардың рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастырудағы оқу үдерісінің тәрбие беру әлеуетін жүзеге асыру жұмысы жандандырылсын.

4. Мемлекеттік қызмет көрсету бойынша құжаттар толықтырылып, жұмыстары жүргізілсін.

№7 Хромтау мектеп-гимназия директоры:

Хатшы:

Э.К. Культаева

Хамит Д.

